

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 53 "Батыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыланатын облыстық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 2 тамыздағы № 195 қаулысы

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 53 "Батыс Қазақстан облысы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасында:

1-тараудың 2-тармағының 12) тармақшасы алынып тасталсын;

1-тараудың 5-тармағының екінші абзацы алынып тасталсын;

6-тарау алынып тасталсын;

"Батыс Қазақстан облысы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыланатын облыстық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне 9, 10, 11-қосымшалар алынып тасталсын.

2. "Батыс Қазақстан облысы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппараты басшысына жүктелсін

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Төреғалиев